



## БҰЙРЫҚ

12.10.2020

Кокшетау қаласы

## ПРИКАЗ

№ 304

город Кокшетау

### Банкроттық басқарушыны шеттету туралы

Қазақстан Республикасының Оңалту және банкроттық туралы Заңының 15 бабының 3) тармағына, 12 бабының 7 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, 2020 жылғы 06 қазандағы кредиторлар жиналысының шешімінің негізінде,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Дулат Тұрсынұлы Әбілхаир Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы Заңының 89 бабының 2 тармағының 10) тармақшасын бұзғаны үшін, «Водрем» ЖШС-інің БСН 980640001339 банкроттық басқарушысына жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілсін.

2. Д.Т. Әбілхаир жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпараты тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылауды Ақмола облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Б.М.Шайкеновқа жүктелсін.

Басшы



Ш.Ануарбеков